

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Филология факультеті

Шет тілдері кафедрасы

**ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

ShT (к) 5202, ID 12512 коды

"Шетел тілі (Кәсіби)..»

пәні бойынша

**7M02203 – Дінтану**

**7M02205 – Исламтану**

**7M03110 – Саясаттану**

**7M02202 – Философия**

**7M03105 – Мәдени антропология**

**7M01105 - Педагогика. Білім берудегі менеджмент**

білім беру бағдарламасы

Оқу деңгейі: магистратура

Курс-1

Семестр-1

Кредит саны- 5

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын аға оқытушы Джамалдинова М.Т. жасады.

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы

7M02203 – Дінтану

7M02205 – Исламтану

7M03110 – Саясаттану

7M02202 – Философия

7M03105 – Мәдени антропология

7M01105 - Педагогика. Білім берудегі менеджмент

Шет тілдері кафедрасының отырысында қаралды және ұсынылды,

Хаттама № \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ 2023ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Д. Ж. Досмағабетова

## 1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Пәннің мақсаты:** магистранттарда іскерлік және ғылыми салаларда қарым-қатынас жасауға және халықаралық зерттеу ұжымдарында ғылыми-зерттеу қызметін жүргізуге мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттерді іске асыру үшін қажетті дағдыларды дамыту. Ауызша, жазбаша және электрондық коммуникация әдістері зерделенеді және шет тіліндегі кәсіби маңызы бар мәтіндер жасалады.

### Пән бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер:

1. **Тыңдалым.** Тыңдалған ақпараттың негізгі мағынасын немесе кейбір бөлшектерін тез немесе орташа сөйлеу қарқынымен түсінеді.
2. **Айтылым.** Күнделікті және кәсіби тақырыптар бойынша әңгімелесуге дайындықсыз қатысады. Мамандыққа байланысты бірқатар мәселелер бойынша өз көзқарасын баяндайды.
3. **Оқылым.** Мамандық бойынша шет тілінде ғылыми түпнұсқалық мәтіндердің негізгі мағынасын түсінеді.
4. **Жазылым.** Шет тілінде ғылыми мақалалар, әртүрлі эсселер түрлерін жазады, түйіндеме жасайды және басқа елдердің ғалым-әріптестерімен іскерлік хат алмасады.
5. Шет тілінде презентациялар мен жобалық жұмыстарды дайындайды.

### Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар.

#### Модуль 1. Introduction to the subject

1. Religion and Politics: Integration, Separation and Conflict. Relations to power of religion and Politics. What is philosophy? The value of philosophy; Politics and political science. Political science as philosophy and theory; What is cultural Anthropology?
2. Islamic theology (kalām) and philosophy. Classical Greek philosophy. Eastern philosophies; Main stages of the development of political science. Traditional subfields of political science; What is Culture? What is anthropology?
3. Origins, nature, and significance of Islamic theology: Early developments. From Ancient to Modern Philosophy; Political systems and political cultures; Evolution and Culture
4. Origins, nature, and significance of Islamic theology; Political behavior and political leadership. Person as the main actor of political relations.
5. The characteristic approach of early Islamic theology David Hume. The Empiricism of the Logical Positivists; Political leadership. Types of authority. Typologies of political leaders; The subfields of anthropology: Biological anthropology; Archaeology;

#### Модуль 2. Political institutions

6. Use of religion for war. What is Metaphysics? Appearance and reality; Political institutions. System approach in political science; Anthropologists as Cultural Participants
7. Use of religion for peace. What is Metaphysics? The mind and reality; Political regimes. Typologies of political regimes. Measuring political regimes; Key Concepts in Cultural Studies: 1. Subjectivity 2. Identity. 3 Representation
8. Peace according to Islam. Dualism. Metaphysical dualism; Totalitarian regimes. The features of Totalitarian. Regimes; Key Concepts in Cultural Studies–Non-reductionism
9. Conflict between religion and politics. Plato. Immorality of the soul; Authoritarian regimes. Dictatorship in practice. Latin American and East Asian examples;

Key Concepts in Cultural Studies—Articulation, Power, Popular Culture

10. Different movements to bring political authority under the shariat;

Regime emergence and breakdown. Regime changes: revolutions, coups, reforms, democratization and civil wars;

Cultural Materialism

11. To analyze conflicts from a cultural point of view;

Theories and its Relevance in Media. Functionalism

**Модуль 3. Philosophy of religion. Construction of culture**

12. Doctrines of the Qur'ān. Averroes. Philosophers believe that religious laws are necessary political arts;

Origins of Democracy and its contemporary development;

Theories and its Relevance in Media : Popular and Mass Culture, Circuit of Culture, Encoding and Decoding

13. Philosophy of religion. Speaking about God;

Democracy, global regression and resistance. Parallel realities, the crisis of trust and digital combat;

Construction of culture.

14. Islamic philosophy. Don't grieve. anything you lose comes round in another form jalal ad-din muhammad rumi (1207–1273);

Normalization of conflict (and violences). The rules of the game: multilateralism and polarity;

Re-representation and Media Culture

Language, Gender, Race, Class, Ethnicity, Kinship and terminology

15. Philosophy of religion. To know nothing is the happiest life desiderius erasmus (1466–1536);

Concepts of political development and modernization;

Globalization and Cultural Studies

(a) Popular Culture – Trends, Transformation and its Impact on Society (b) The Commodification of Culture and its Impact on Life Style.

### Ұсынылған көздердің тізімі.

#### Негізгі әдебиеттер:

1. Andrew Edgar and Peter Sedgewick, Key Concepts in Cultural Theory, Routledge, 2019.
2. Nina Brown, Thomas McIlwraith, Laura Tubelle de González. PERSPECTIVES: AN OPEN INTRODUCTION TO CULTURAL ANTHROPOLOGY, 2020 American Anthropological Association 2300 Clarendon Blvd, Suite 1301
3. Amy I. Atchison. Political science is for everybody: an introduction to political science, 2021.
4. David Stewart , H. Gene Blocker, James Petrik.. FUNDAMENTALS OF PHILOSOPHY, 2019

#### Қосымша әдебиеттер:

1. Martin Hewings. Advanced Grammar in Use. The 4<sup>th</sup> edition. Cambridge University Press. 2023, 720 p.
2. Gerald J. Alred, Carles T. Brusaw, Walter E. Oliu. Handbook of technical writing. The ninth Edition Macmillan, 2020. 129 p.
3. Paul Dummett and John Hird. Oxford EAP. Pre-Intermediate. B1. A course in English for Academic Purposes. Oxford University Press. 2020, p. 167.
4. Articles, papers on specialty.

#### Интернет-ресурстар:

1. MOOC: Academic Writing: The Structure of a Research Paper. на платформе open.kaznu.kz.
2. <https://www.ebooks.com> > en-us
3. <http://dictionary.cambridge.org>
4. <http://www.ditext.com/russell/russell.html>
5. <http://www.fallacyfiles.org/taxonomy.html>

## 1. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ ЖАЗБАША ОФЛАЙН

**2.1. Емтихан нысаны:** Офлайн стандартты жазбаша. **Платформа:** Univer АЖ

**2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты:** пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша түрде қисынды түрде жеткізе білу, өз көзқарасын дәлелді түрде дәлелдеу.

### **2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Жазбаша емтиханның бір билеті оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақтан тұрады:

1-ші сұрақ: 1-ші критерий. Мәтіннің мазмұндық сәйкестігі. 2-ші критерий. Мәтіннің стилистикалық сәйкестігі.

2-ші сұрақ: 3-ші критерий. Сұрақтар қоюдағы грамматикалық аспектілер. 4-ші критерий. Мәтін мазмұнына сұрақтың сәйкестігі.

3-ші сұрақ: 5-ші критерий. Бағалау және жазбаша сыни талдау эссе мазмұны. 6-шы критерий. Тестті ұйымдастыру

### **2.4. Емтихан өткізу рәсімі.**

2.4.1. Стандартты жазбаша офлайн емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Кезекші оқытушы жазбаша офлайн емтихан басталардан алдын, 15 минут бұрын білім алушыларды жеке куәлік бойынша жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.

2.4.3. Егер бөгде адам жазбаша офлайн емтиханына келсе, кезекші оқытушы осы қағидаларды бұзғандығы туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Кешігіп келген білім алушыларға емтиханға қатыстырылмайды.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы:

1) емтихан жұмыстарын жинайды;

2) әр жұмысқа жауап парақтарындағы жұмыстарды жазудың аяқталу белгісін – X әрпін қояды;

3) деканат маманына шифрлау үшін келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.

2.4.7. Шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кешіктірілген жағдайда деканат маманына тиісті кінәлі адамдарға акт жасалып, кейін жазаланады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге рұқсатсыз ақпаратқа қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін қосалқы алдау парақтарын, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық өзге де құралдарды алып жүруге және /немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру бағасы "F" ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу "F" бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін "F" ("қанағаттанарлықсыз") бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы қағидаларды қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі кеңесінің қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып, қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күшінің жойылуына шағымдануға және апелляцияға беруге жатпайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық тәртіп бұзушылықтар білім алушының транскриптіне (оқу үлгерімі туралы көрсеткішіне) енгізіледі.

## **3. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ**



**ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ КӨРСЕТКІШІ**  
 Пән: Шетел тілі (кәсіби). Түрі: Стандартты жазбаша офлайн. Платформа: Univer АЖ

№	Балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		"Өте жақсы "	"Жақсы "	"Қанағаттанарлық"	"Қанағаттанарлықсыз"	
		90-100 % (27-30 балл)	70-89 % (21-26 балл)	50-69 % (15-20 балл)	25-49 % (8-14 балл)	0-24 % (0 - 7 балл)
Критерий						
1-сұрақ	1 - Критерий. Мәтіннің мазмұндық сәйкестігі.	"Өте жақсы" деген баға мәлімдеменің логикалық және дәйекті бағыты және оның жалпы мазмұны түсінікті жауап үшін қойылады, онда: мәтіннің тақырыбы аударылған, мәтіннің аудармасы шет тіліндегі мәтіннің мазмұнына толық сәйкес келеді.	"Жақсы" деген баға мәтіннің логикалық бағыты түсінікті, мәтіннің өзі де, тақырыбы да аударылған, мәтіннің жалпы көлемінің 80% аудармасы шет тіліндегі мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін жауап үшін қойылады.	"Қанағаттанарлық" бағасы мәтіннің тақырыбы мен мәтіні дұрыс аударылған, бірақ мәтіннің жалпы көлемінің тек 50% аудармасы оның негізгі мазмұнына сәйкес келетін жауап үшін қойылады.	"Қанағаттанарлықсыз" бағасы мәтіннің мазмұны түсініктеме беруіне сәйкес келмейтіндігі үшін қойылады. Негізгі идея дұрыс берілмеген.	"Қанағаттанарлықсыз" бағасы бірінші тапсырманы орындамағаны немесе қайта айтқаны үшін де қойылады, орындалған қайталау мәтін тақырыбының шегінен шығып кетеді.
	2 - Критерий. Мәтіннің стилистикалық сәйкестігі.	Мәлімдеме мәтіннің кәсіби стилі мен бағытына толық сәйкес келеді. Мәлімдеме логикалық тұрғыдан дәйекті, шет тілінде мәтіннің құрылымы сақталған.	Мәлімдеме негізінен мәтіннің кәсіби стилі мен бағытына сәйкес келеді. Мәлімдеме барлық жерде қисынды, дәйекті емес, бірақ шет тіліндегі мәтін құрылымы сақталған.	Мәлімдеме мәтіннің кәсіби стилі мен бағытына толық сәйкес келмейді. Мәлімдеменің аудармасы барлық жерде қисынды, дәйекті емес, шет тіліндегі мәтін құрылымы сақталмаған.	Мәлімдеме мәтіннің кәсіби стилі мен бағытына аз ғана сәйкес келеді. Мәлімдеме барлық жерде дәйекті, қисынды емес, шет тіліндегі мәтін құрылымы сақталмаған.	Мәлімдеме мәтіннің кәсіби стилі мен бағытына мүлдем сәйкес келмейді. Мәлімдеме барлық жерде қисынды, дәйекті емес, шет тіліндегі мәтін құрылымы сақталмаған.

<b>2- сұрақ</b>	<i>3-Критерий .</i> Сұрақтар құрастырудағы грамматикалық аспектілер	Барлық 6 сұрақ грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылған. Грамматикалық ережелер бұзылмаған.	6 сұрақтың 5 сұрағы дұрыс және грамматикалық талаптарға сәйкес келеді.	6 сұрақтың 4 сұрағы ғана грамматикалық талаптарға сәйкес келеді.	6 сұрақтың 3 сұрағы ғана грамматикалық талаптарға сәйкес келеді.	6 сұрақтың 2 сұрағы ғана грамматикалық талаптарға сәйкес келеді.
	<i>4 - Критерий .</i> Сұрақтың мәтін мазмұнына сәйкестігі	Барлық 6 сұрақ мәтіннің мазмұнына сәйкес келеді.	6 сұрақтың 5 сұрағы мәтіннің мазмұнына сәйкес келеді.	6 сұрақтың 4 сұрағы мәтіннің мазмұнына сәйкес келеді.	6 сұрақтың 3 сұрағы мәтіннің мазмұнына сәйкес келеді.	6 сұрақтың 2 сұрағы мәтіннің мазмұнына сәйкес келеді.
<b>3- сұрақ</b>	<i>5-Критерий.</i> Мәтінді ұйымдастыру	Мәлімдеме дәйекті; логикалық байланыс құралдары дұрыс пайдаланылған; мәтін абзацтарға дұрыс бөлінген; мәлімдеме форматы дұрыс таңдалған.  (көлемі 140-150 сөзден)	Мәлімдеме негізінен логикалық; логикалық байланыс құралдарын пайдалануда жеке кемшіліктер бар; мәтінді абзацтарға бөлу кезінде жеке кемшіліктер бар; мәлімдеме форматында жеке бұзушылықтар бар. (көлемі 130-139 сөзден)	Мәлімдеме барлық жерде қисынды бола бермейді; логикалық байланыс құралдарын қолдануда көптеген қателіктер бар, олардың таңдауы шектеулі; мәтін абзацтарға бөлінбеген; мәлімдеме форматында көптеген қателіктер бар.  (көлемі 120-129 сөзден)	Мәлімдеме құруда логика жоқ; мәлімдеме форматы сақталмайды. (көлемі 100-119 сөзден)	Мәлімдеме құруда логика жоқ. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзушылық. (100 сөзден аз)
	<i>6 - Критерий.</i> Эссе мазмұнын жазбаша сыни талдау және бағалау.	Мәтінді рәсімдеудің негізгі ережелері, орфографиялық және лексикалық-грамматикалық қателер өте аз. Материал логикалық тұрғыдан дәйекті, ретімен берілуі. Мәтіннің жеке бөліктері арасындағы логикалық байланысты берудің әртүрлі құралдарын	Мәтінді түсінуге кедергі келтірмейтін шағын лексикалық және грамматикалық қателер бар. Ойлар негізінен қисынды беріледі. Мәтіннің жекелеген бөліктері арасындағы логикалық байланысты беру құралдарын пайдалану кезінде кейбір кемшіліктерге жол беріледі. Білім алушы	Тілдік қателер бар, соның ішінде мәтінді түсінуге кедергі келтіретін тілдік құралдарды қолдану кезінде. Ойлар әрдайым қисынды бола бермейді. Мәтіннің жекелеген бөліктері арасындағы логикалық байланысты беру құралдарын пайдаланудағы қателер. Эссе жазу форматында көптеген қателер бар.	Мәлімдеме құруда логика жоқ. Мәтін бөліктері арасында логикалық байланысты беру құралдары пайдаланылмайды. Эссе форматы сақталмайды. Білім алушы өз ойларын білдіру үшін өзінің лексикалық қорын дұрыс қолдана алмады немесе қажетті сөздік қоры жоқ.	Мәтін бөліктері арасында логикалық байланыс беру құралдары жоқ, тапсырма орындалмады.



	дұрыс пайдалану. Білім алушы білімінің үлкен қорын көрсетуі. Сөздердің дұрыс тәртібі сақталады. Неғұрлым күрделі конструкцияларды пайдаланған кезде мәтінді түсінуді бұзбайтын қателердің аз саны рұқсат етіледі.	сөздерді қолдануда жеке дәлсіздіктерге жол беріп, лексиканың жеткілікті көлемін қолданады. Жұмыста мәтінді түсінуге кедергі келтірмейтін бірқатар грамматикалық қателер бар.	Студент шектеулі сөздік қорын пайдаланды. Жұмыста мәтінді түсінуді қиындататын қарапайым деңгейдегі грамматикалық қателер жиі кездеседі.	Грамматикалық ережелер сақталмайды.	
--	---	--	--	-------------------------------------	--

<https://infourok.ru/kriterii-ocenki-pismennih-perevodov-tekstov-s-inostrannogo-yazika-na-rodnoy-1094244.html?ysclid=lovqcgjbx9482596546>

#### Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ИО) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6) / К, мұндағы % – критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К – критерийлердің жалпы саны.

#### Қорытынды балды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	"Қанағаттанарлық"	"Қанағаттанарлықсыз"	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
1.	1-Критерий	100				
2.	2-Критерий		75			
3.	3-Критерий			60		
4.	4-Критерий				45	
5.	5-Критерий	100				
6.	6-Критерий				49	
	<b>Қорытынды %</b>	<b>200</b>	<b>75</b>	<b>60</b>	<b>94</b>	200+ 75 + 60 + 94 = <b>429</b> 429 / 6 критерий = 71,5 <b>Қорытынды балл в % = 72</b>

Есептеу кезінде алынған пайыздарға сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

**72** ұпай 70 баллдан 89 баллға дейінгі сандар аралығында тұр, бұл бағалау шкаласы бойынша, "**Жақсы**" санатына сәйкес келеді.

Осылайша, осы емтиханды есептеуде білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік шкаласынан дәстүрлі бағалауға ауыстыра отырып, ECTS және дәстүрлі жүйесіне сәйкес **72** балл "Жақсы"-ға бағаланатын болады.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі - 100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл беріледі.